"Қант қызылшасы мен оның тұқымын өсіру", "Шитті мақта дайындау және мақтаны бастапқы өңдеу", "Дәнді дақылдарды өндіру", "Балара шаруашылығы", "Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру", "Шошқаны көбейту және өсіру" кәсіптік стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2026 жылғы 6 тамыздағы № 301 бұйрығы

Кәсіптік стандарт: «Қант қызылшасы мен оның тұқымын өсіру»

## 1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Қант қызылшасы мен оның тұқымын өсіру» кәсіптік стандарты «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес әзірленген. Кәсіптік стандарт жұмыскерлердің кәсіптік қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруы, оның ішінде белгілі бір еңбек функцияларын орындауы үшін қажетті, сондай-ақ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын әзірлеуде біліктілік деңгейлерін айқындауға арналған.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) қант қызылшасы – өнеркәсіптік мақсатта қызылша өсірумен айналысатын ауыл шаруашылығы саласы;

2) көкөніс шауашылығы – көкөніс және бақша дақылдарын өсірумен, сондай-ақ оларды өсіру технологияларын әзірлеу және жетілдірумен айналысатын ауыл шаруашылығындағы өсімдік шаруашылығы саласы;

3) тұқым шаруашылығы – тұқымдарды өндіру, дайындау, өңдеу, сақтау, тасымалдау, өткізу және пайдалану жөніндегі іс-шаралар кешенін, сондай-ақ мемлекеттік бақылауды, оның ішінде сорттық және тұқымдық бақылауды қамтитын қызмет;

4) тамшылатып суару – суды өсірілетін өсімдіктердің тамырына тікелей аз порциялармен тамшылатып-өлшеп беретін суару әдісі;

5) информалды білім беру – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжат берілмейтін білім беру түрі;

6) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарланған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі;

7) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен қалыптастырылған және олардың құзыреттерін орындау үшін қажетті саланың кәсіптік тобының бір бөлігі;

8) кәсіптік топ – ортақ интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын саланың кәсіптік кіші топтарының жиынтығы;

9) біліктілік – жұмыскердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;

10) біліктілік деңгейі – біліктілік шеңберінде белгіленген және сипатталған, білім, дағдылар, еңбек контекстінің күрделілігі мен стандарттан тыс жағдайлары, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын қызметкерлердің құзыреттеріне қойылатын талаптардың құрылымданған жиынтығы;

11) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

12) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

13) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

14) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

15) ұлттық біліктілік шеңбері – салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін біліктілік және жалпы кәсіптік құзыреттердің бірыңғай біліктілік шкаласы;

16) машықтар – кәсіптік қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу үшін білімді қолдану қабілеттері (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану);

17) білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, біліктіліктің міндетті түрде бағалануға тиіс компоненті;

18) құзыреттер – белгілі бір біліктілік деңгейіндегі кәсіптік қызметінде міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін субъекті қызметінің сапасы;

19) тәжірибе – саналы қызмет, белгілі бір уақыт аралығында меңгерілген және тиімді пайдаланыла алатын білім және дағды.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады
1) БА – Біліктілік анықтамалығы;
2) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
3) ББХСС – Білім берудің халықаралық стандартты сыныптауышы;
4) КС – Кәсіптік стандарт;
5) ҚР – Қазақстан Республикасы;
6) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері
7) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері.

## 2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Қант қызылшасы мен оның тұқымын өсіру
5. Кәсіптік стандарттың коды: A01132057
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
А Ауыл, орман және балық шаруашылығы
01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
01.13 Көкөністер, бақша дақылдарын, тамыр жемістілер мен түйнек жемістілерді өсіру
01.13.3 Қант қызылшасын және оның тұқымдарын өсіру
А Ауыл, орман және балық шаруашылығы
01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
01.13 Көкөністер, бақша дақылдарын, тамыр жемістілер мен түйнек жемістілерді өсіру
01.13.3 Қант қызылшасын және оның тұқымдарын өсіру
А Ауыл, орман және балық шаруашылығы
01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
01.19 Өзге де бір-немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
01.19.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
А Ауыл, орман және балық шаруашылығы
01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
01.13 Көкөністер, бақша дақылдарын, тамыр жемістілер мен түйнек жемістілерді өсіру
01.13.2 Көкөністерді, олардың тұқымдары мен көшеттерін өсіру
7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Қант қызылшасын өсіру және оның тұқымын өндірумен байланысты кәсіптік қызмет.
8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
1) Жаңбырлатқыш техникаға қызмет көрсету және оны пайдалану жөніндегі оператор - 3 СБШ-нің деңгейі
2) Арамшөптермен күресуші жұмыскерлер - 3 СБШ-нің деңгейі
3) Қызылша өсіруші - 4 СБШ-нің деңгейі
4) Тұқым өсіруші - 4 СБШ-нің деңгейі
5) Тұқым шаруашылығы жөніндегі агроном - 6 СБШ-нің деңгейі
6) Ауыл шаруашылығы техникасы инженері - 6 СБШ-нің деңгейі

## 3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

| 9. Кәсіптің карточкасы «Жаңбырлатқыш техникаға қызмет көрсету және оны пайдалану жөніндегі оператор»: | | | |
|---|---|---|---|
| Топтың коды: | 8189-0 | | |
| Қызмет атауының коды: | 8189-0-036 | | |
| Кәсіптің атауы: | Жаңбырлатқыш техникаға қызмет көрсету және оны пайдалану жөніндегі оператор | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 3 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы<br>19-бөлім. Өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылығындағы жұмысшылар кәсіптерінің жұмыстарының сипаттамалары 57. Су бүріккіш құрылғысының машинисі 1-параграф 1. Су бүріккіш құрылғысының машинисі | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі:<br>ТжКБ (жұмысшы кәсіптер) | Мамандық:<br>- | Біліктілік:<br>- |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | 8189-0-037 - Тамшылата суармалау жүйелеріне қызмет көрсету және оны пайдалану жөніндегі оператор<br>8341-1-005 - Тракторшы-машинист (салалар бойынша) | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Ауыл шаруашылығы дақылдарын әртүрлі конструкциялардағы жаңбырлатқыш қондырғылармен суару. | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Қант қызылшасын әртүрлі конструкциялы жаңбырлатқыш машиналардың көмегімен механикаландырылған суару<br>2. Жаңбырлатқыш машиналарға техникалық қызмет көрсету |
| | Қосымша еңбек функциялары: | |
| Еңбек функциясы 1:<br>Қант қызылшасын әртүрлі конструкциялы жаңбырлатқыш машиналардың көмегімен механикаландырылған суару | Дағды 1:<br>Суару жұмыстарын жүргізу | Машықтар: |
| | | 1. Қазіргі заманғы жаңбырлатқыш машиналардың компьютеріне деректерді енгізу.<br>2. Суару кезінде жаңбырлатқыш машинаның жұмысын басқару және бақылау.<br>3. Ауысымды қабылдау және тапсыру жұмыстарын орындау.<br>4. Жұмыс орнын, жабдықтар мен құралдарды тазалау, олардың тиісті күйде болуын қадағалау.<br>5. Белгіленген техникалық құжаттаманы жүргізу. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Суармалы жерлерде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің озық агротехникасы мен технологиясының негіздері.<br>2. Гидравлика және топырақтану негіздері.<br>3. Механикаландырылған суару техникасы.<br>4. Жаңбырлатқыш және суару машиналарының құрылысы.<br>5. Жаңбырлатқыш машиналарды пайдалану ережелері.<br>6. Суару технологиясы.<br>7. Ауыл шаруашылығы машиналарының түрлері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді |
| | Дағды 2:<br>Әр түрлі конструкциялы жаңбырлатқыш машиналардың көмегімен суару бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу | Машықтар: |
| | | 1. Топырақтың ылғалдылығын және суаруға қажетті су шығынының нормаларын анықтау.<br>2. Машинаны жұмысқа дайындау тәсілдерін, оны іске қосу және тоқтату тәртібін меңгеру.<br>3. Жаңбырлатқыш машиналардың қалыпты жұмыс режимдерінен ауытқуларды анықтау. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Жаңбырлатқыш машиналарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелері.<br>2. Топырақтың ылғалдылығын анықтау әдістері.<br>3. Механикаландырылған және беткі суару техникасы.<br>4. Суармалы жерлерде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің озық агротехникасы мен технологиясының негіздері.<br>5. Агроклиматтық талаптар (температуралық және суару режимдері). |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді |
| Еңбек функциясы 2:<br>Жаңбырлатқыш машиналарға техникалық қызмет көрсету | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Дағды 1:<br>Жаңбырлатқыш машиналарды жұмысқа дайындау | Машықтар: |
| | | 1. Шаруашылық аумағында жаңбырлатқыш және суару техникасын, сондай-ақ суару құбырларын бір жерден екінші жерге тиеу, түсіру және (немесе) тасымалдауға қатысу.<br>2. Жаңбырлатқыш және суару техникасын, суару құбырларын монтаждау және бөлшектеу.<br>3. Егістіктерді және шаруашылықішілік суару желісін суаруға дайындауды бақылау.<br>4. Әр түрлі конструкциядағы жаңбырлатқыш және суару техникасын орнату және бөлшектеу.<br>5. Жаңбырлатқыш және суару техникасын суару желісіне және электрмен жабдықтау желілеріне қосу.<br>6. Трактор базасында жасалған өздігінен жүретін жаңбырлатқыш аппараттарды басқару. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Жол қозғалысы және жүктерді тасымалдау ережелері.<br>2. Жаңбырлатқыш және суару техникасының (қондырғыларының) құрылысы мен жұмыс принциптері.<br>3. Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану ережелері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді |
| | Дағды 2:<br>Жаңбырлатқыш машиналарға жөндеу жұмыстарын және техникалық қызмет көрсетуді жүргізу | Машықтар: |
| | | 1. Жаңбырлатқыш машинаны тұрақты түрде техникалық тексеруден өткізу.<br>2. Жаңбырлатқыш машиналар мен қондырғыларға ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізу.<br>3. Дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес жаңбырлатқыш машинаның ақауларын жою және техникалық қызмет көрсету.<br>4. Дайындаушы зауыттың сервистік қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып, қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру.<br>5. Жаңбырлатқыш машинаны қысқы сақтауға қабылдау.<br>6. Машиналарды пайдалану процесінде анықталған ақауларды тіркеу және құжаттау.<br>7. Жабдықтың пайдалану параметрлерін бақылау және оларды түзету. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Жол қозғалысы және жүктерді тасымалдау ережелері.<br>2. Жаңбырлатқыш және суару техникасының құрылысы.<br>3. Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану ережелері.<br>4. Қызмет көрсетілетін механизмдердің жұмысындағы ақауларды жою тәсілдері.<br>5. Материалтану және слесарлық іс негіздері.<br>6. Тракторлардың құрылысы және пайдалану ережелері.<br>7. Сорғылар мен суару техникасының құрылысы.<br>8. Гидравлика негіздері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді |

<table>
<tr><td>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</td><td colspan="3">Дәлдік<br>Зейін<br>Икемділік<br>Өзін-өзі оқытуға дайындық<br>Кәсіби даму қабілеті<br>Нәтижелі еңбекке ынталандыру<br>Түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін жауапкершілік<br>Мәселелерді шешудегі жеделдік</td></tr>
<tr><td>Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:</td><td colspan="3">«Астық қауіпсіздігі туралы» КО ТР 015/2011 – дәнді және техникалық дақылдарға, соның ішінде қант қызылшасына қолданылады. 2. «Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 021/2011 – қантқа және оның қайта өңделген өнімдеріне қойылатын талаптар. 3. «Азық-түлік өнімдерін таңбалау туралы» КО ТР 022/2011 – қант пен тұқымдарды таңбалау ережелері. 4. «Минералдық тыңайтқыштардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 039/2016 – қант қызылшасын өсіруде тыңайтқыштарды қолдануды реттейді. 5. «Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 041/2017 – өсімдіктерді қорғау құралдарын қамтиды. 6. «Қант қызылшасының тұқымдары. Техникалық шарттар» МемСТ 17421-85 – тұқым сапасына қойылатын талаптар. 7. «Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары. Өнгіштігін анықтау әдістері» МемСТ 12038-84 – қызылша тұқымдарына қолданылады. 8. «Азық-түлік қауіпсіздігі менеджменті жүйелері» ҚР СТ ISO 22000:2019 – қант қызылшасын қайта өңдеуге арналған. 9. «Ақ қант. Техникалық шарттар» МемСТ 31361-2008 – дайын өнім сапасының стандарттары. 10. «Қант қызылшасы. Сынау әдістері» МемСТ 21.101-97 – тамыр дақылдарыныңсапасын бағалау әдістері.</td></tr>
<tr><td rowspan="4">СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:</td><td>СБШ-нің деңгейі:</td><td colspan="2">Кәсіптің атауы:</td></tr>
<tr><td>4</td><td colspan="2">Ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторларын баптаушы</td></tr>
<tr><td>3</td><td colspan="2">Тамшылатып суару жүйелеріне қызмет көрсету және пайдалану жөніндегі оператор</td></tr>
<tr><td>2</td><td colspan="2">Жерді суару жөніндегі жұмысшы</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">10. Кәсіптің карточкасы «Арамшөптермен күресуші жұмыскерлер»:</td></tr>
<tr><td>Топтың коды:</td><td colspan="3">7549-2</td></tr>
<tr><td>Қызмет атауының коды:</td><td colspan="3">7549-2-002</td></tr>
<tr><td>Кәсіптің атауы:</td><td colspan="3">Арамшөптермен күресуші жұмыскерлер</td></tr>
<tr><td>СБШ бойынша біліктілік деңгейі:</td><td colspan="3">3</td></tr>
<tr><td>СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Кәсіптік білім деңгейі:</td><td>Білім деңгейі:<br>ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)</td><td>Мамандық:<br>-</td><td>Біліктілік:<br>-</td></tr>
<tr><td>Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:</td><td colspan="3">Талап етілмейді</td></tr>
<tr><td>Формалды емес және информалы біліммен байланыс:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Қызметтің негізгі мақсаты:</td><td colspan="3">Арамшөптер мен зиянкестермен күресу барысында химиялық заттарды бүркуге арналған жабдықты пайдалану және бақылау кезінде қарапайым жұмыстарды орындау.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">Еңбек функциялардың сипаттамасы</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Еңбек функцияларының тізбесі:</td><td>Міндетті еңбек функциялары:</td><td colspan="2">1. Қант қызылшасының арамшөптерімен күресу бойынша қолмен жұмыс жасау<br>2. Химиялық әдістермен арамшөптерді жою бойынша жұмыстарды орындау</td></tr>
<tr><td>Қосымша еңбек функциялары:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Еңбек функциясы 1:<br>Қант қызылшасының арамшөптерімен күресу</td><td colspan="3"></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| бойынша қолмен жұмыс жасау | Дағды 1:<br>Арамшөптермен күресу бойынша агротехникалық іс-шаралар өткізу | Машықтар: |
| | | 1. Арамшөптердің таралуын талдау.<br>2. Қатар аралық культивация жүргізу.<br>3. Арамшөптерді тұқым шашқанға дейін шабу.<br>4. Дақылдардың жай-күйін визуалды бағалау.<br>5. Дақылдарды қолмен немесе қол құралдарының көмегімен сирету және арамшөптерден тазарту.<br>6. Тұқымды тазалау.<br>7. Арамшөптерді жою үшін тырмалау және домалату.<br>8. Арамшөптерден қорғаудың алдын алу шараларын жүргізу.<br>9. Арамшөптерді жою жұмыстарын орындау.<br>10. Комбайндар мен топырақ өңдеу машиналарының жұмыс органдарын жерден және арамшөп тұқымдарынан тазалау.<br>11. Арамшөптермен күресудің механикалық шараларын жүргізу (сарқылту, тұншықтыру, тамырларды кептіру).<br>12. Суару кезінде суармалы суды арамшөп тұқымдарынан тазалау.<br>13. Өсімдіктерді қалыптастыру үшін қол құралдарын пайдалану. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Топырақты өңдеу әдістері.<br>2. Тұқым өңдеу әдістері.<br>3. Тұқымды егіске дейін дайындау және алдын ала отырғызу жұмыстары кезінде еңбекті қорғау ережелері.<br>4. Арамшөптердің таралуының биологиялық ерекшеліктері мен әдістері.<br>5. Арамшөп тұқымдарымен топырақтың бітелу дәрежесі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді |
| | Дағды 2:<br>Топырақты өңдеу кезінде қолданылатын жабдықты дайындау | Машықтар: |
| | | 1. Жабдықтың функционалдығы мен өнімділігін сақтау үшін оны күтіп ұстау.<br>2. Техникалық талаптарға сәйкес топырақ өңдеуге арналған жабдықтар мен құрал-саймандарды пайдалану.<br>3. Ыдыстарды, құрал-саймандарды және көліктерді жүйелі түрде тазалау.<br>4. Арамшөптерді жоюға арналған оңтайлы құрал-саймандар мен жабдықтарды таңдау.<br>5. Жабдықтың жағдайын дер кезінде қарап шығу және тексеру.<br>6. Арамшөптермен күресуге арналған құрал-саймандар мен жабдықтарға ұсақ жөндеу жүргізу.<br>7. Жабдықтарды есепке алу, жұмыстарды жоспарлау және топырақ өңдеу мен арамшөптермен күрес операцияларының орындалуын бақылау үшін цифрлық технологиялар мен мобильді қосымшаларды пайдалану. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Топырақ өңдеуге арналған жабдықтар мен қосалқы жабдықтардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері.<br>2. Жабдықтар мен құрал-саймандарды пайдалану, күтіп ұстау және қауіпсіз қолдану ережелері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді |
| Еңбек функциясы 2:<br>Химиялық әдістермен арамшөптерді жою бойынша жұмыстарды | | |

| | | |
|---|---|---|
| орындау | Дағды 1:<br>Арамшөптерден қорғалуға химялық құралдарды дайындау | Машықтар: |
| | | 1. Қызылшаны арамшөптерден қорғау үшін препараттарды сұйылтып, химиялық ерітінділерді дайындау.<br>2. Химиялық құралдарды арамшөптерден қорғау мақсатына сай пайдалану. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Арамшөптерге қарсы күресте препараттарды қолдану дозалары мен мерзімдері.<br>2. Жердің бітелу түріне байланысты арамшөптерге қарсы қолданылатын препараттар.<br>3. Арамшөптердің биологиялық ерекшеліктері.<br>4. Өсімдіктерді зиянкестерден қорғау және арамшөптерге қарсы күрес құралдары.<br>5. Еңбекті қорғау ережелері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді |
| | Дағды 2:<br>Қант қызылшасын арамшөптерден қорғаудың химиялық құралдарын қолдану бойынша жұмыстар | Машықтар: |
| | | 1. Пестицидтермен және химиялық заттармен жұмыс істейтін жұмысшыларға арналған еңбекті қорғау нұсқауларына сәйкес химиялық заттарды араластыру.<br>2. Арамшөптерді белгілі бір тереңдікке дейін жою үшін пестицидтерді қолдану.<br>3. Қызылша алқабының арамшөптермен ластану картасын жасау.<br>4. Арамшөптерді өңдеу үшін бүрку жабдығын пайдалану. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Аурулардың, зиянкестердің және арамшөптердің алдын алу мен олармен күресу шаралары.<br>2. Тұқымдық және отырғызу материалын протравливание (залалсыздандыру) технологиялары.<br>3. Арамшөптерді гербицидтермен жоюдың химиялық әдістері.<br>4. Ауыспалы егісті енгізу ережелері.<br>Препараттарды енгізу ережелері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Дәлдік<br>Физикалық төзімділік<br>Орындаушылық<br>Оқу мүмкіндігі | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | 1. «Астықтың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 015/2011 - қант қызылшасын қоса алғанда, астық және техникалық дақылдарға қолданылады. 2. «Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 021/2011 – қантқа және оның қайта өңделген өнімдеріне қойылатын талаптар. 3. «Азық-түлік өнімдерін таңбалау туралы» КО ТР 022/2011 – қант пен тұқымдарды таңбалау ережелері. 4. «Минералдық тыңайтқыштардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 039/2016 – қант қызылшасын өсіруде тыңайтқыштарды қолдануды реттейді. 5. «Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 041/2017 – өсімдіктерді қорғау құралдарын қамтиды. 6. МемСТ 17421-85 "Қант қызылшасының тұқымы. Техникалық шарттар" - тұқым сапасына қойылатын талаптар 7. МемСТ 12038-84 «Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары. Өнгіштігін анықтау әдістері» – қызылша тұқымдарына қолданылады. 8. ҚР СТ ISO 22000:2019 «Азық-түлік қауіпсіздігі менеджменті жүйелері» – қант қызылшасын қайта өңдеуге арналған. 9. МемСТ 31361-2008 «Ақ қант. Техникалық шарттар» – дайын өнім сапасының стандарттары. 10. МемСТ 21.101-97 «Қант қызылшасы. Сынау әдістері» – тамыр дақылдарының сапасын бағалау әдістері. | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: |
| | 2 | Егін жинау жөніндегі жұмысшы |
| | 3 | Зиянкестермен күресу жөніндегі қызметкер |
| | 4 | Қызылша өсіруші |
| | 4 | Жеміс-көкөніс өсіруші |
| | 4 | Әртүрлі дақылдарды өсіруге маманданған фермер |

| 11. Кәсіптің карточкасы «Қызылша өсіруші»: | | | |
|---|---|---|---|
| Топтың коды: | 6111-2 | | |
| Қызмет атауының коды: | 6111-2-005 | | |
| Кәсіптің атауы: | Қызылша өсіруші | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 4 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы<br>19-бөлім. Өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылығындағы жұмысшылар кәсіптерінің жұмыстарының сипаттамалары 66. Қызылша өсіруші 1-параграф. Қызылша өсіруші | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі:<br>ТжКБ (орта деңгейдегі маман) | Мамандық:<br>- | Біліктілік:<br>- |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | Талап етілмейді | | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Дайындық жұмыстарына қызмет көрсету және орындау,қант қызылшасын өсіру, күту және жинау кезіндегі көмекші жұмыстар. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Қызылша шаруашылығында топырақты, тұқымдарды дайындау, тыңайтқыштарды әзірлеу және қолдану бойынша жұмыстарды орындау<br>2. Қызылшаны егу, егіске күтім жасау, өсіру және жинау (пысықтау, бурттау, сақтау) бойынша жұмыстарды орындау | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | |
| Еңбек функциясы 1:<br>Қызылша шаруашылығында топырақты, тұқымдарды дайындау, тыңайтқыштарды әзірлеу және қолдану бойынша жұмыстарды орындау | Дағды 1:<br>Топырақ пен тұқымды дайындау бойынша жұмыстарды орындау | Машықтар: | |
| | | 1. Жерді аударып, учаскелерді тегістеу (жоспарлау).<br>2. Отырғызуға арналған топырақты дайындау.<br>3. Арамшөптермен күрес барысында өсімдіктерді зиянкестерден қорғау құралдарын ұтымды пайдалану.<br>4. Тұқымдарды сұрыптау және драждау.<br>5. Егістік материалын зарарсыздандыру. | |
| | | Білімдер: | |
| | | 1. Топырақты өңдеу әдістері.<br>2. Егістік материалды өңдеу әдістері.<br>3. Тұқымдарды егу алдындағы және өсіру кезінде отырғызу алдындағы жұмыстарды орындау барысында еңбекті қорғау қағидалары.<br>4. Қызылша шаруашылығында қол құралдары, механизмдер және топырақ өңдеу агрегаттарының көмегімен орындалатын жұмыс түрлері.<br>5. Өсімдіктерді зиянкестерден қорғау және арамшөптермен күрес құралдары. | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді | |
| | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Дағды 2:<br>Тыңайтқыштарды енгізу және тұқымдарды дәрілеу бойынша жұмыстарды орындау | Машықтар: |
| | | 1. Топырақты, топырақ қоспаларын және субстраттарды пестицидтер мен биологиялық қорғау ерітінділерімен бүрку.<br>2. Тұқымдарды дәрілеу.<br>3. Топыраққа тыңайтқыш енгізу. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Аурулардың, зиянкестердің және арамшөптердің алдын алу мен олармен күрес шаралары.<br>2. Тұқымдық және отырғызу материалын дәрілеу технологиялары.<br>3. Тыңайтқыштарды дайындау және енгізу бойынша жұмыс түрлері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді |
| Еңбек функциясы 2:<br>Қызылшаны егу, егіске күтім жасау, өсіру және жинау (пысықтау, бурттау, сақтау) бойынша жұмыстарды орындау | Дағды 1:<br>Егіс жүргізу және егіске күтім жасау | Машықтар: |
| | | 1. Егісті бақылау және дақылдарға күтім жасау.<br>2. Арамшөптер мен зиянкестерге қарсы күрес жүргізу.<br>3. Қызылшаны жинау мерзімдерін, оны пысықтау, бурттау және сақтау тәсілдерін, сондай-ақ іске асыруға дайындау жолдарын анықтау.<br>4. Тұқымдық шумақтарды ұсақтау.<br>5. Отырғызу материалын жарамсыз деп шығару (сұрыптан шығару).<br>6. Егістіктің жай-күйін визуалды бағалау.<br>7. Аналық қызылшаның тамырларын сұрыптау үстелдерінде және механикаландырылған желілерде тазалау мен сұрыптау жұмыстарын жүргізіп, қысқы сақтауға арналған траншеяларға орналастыру. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Қызылша өсіруге қойылатын агротехникалық талаптар.<br>2. Өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғау шаралары.<br>3. Қант қызылшасын суару нормалары мен мерзімдері.<br>4. Қызылшаның шаруашылық тұрғысынан пісу белгілері.<br>5. Қызылшаны жинау мерзімдері, оны пысықтау, бурттау және сақтау тәсілдері, сондай-ақ іске асыруға дайындау жолдары.<br>6. Өсімдіктерді зиянкестерден қорғау және арамшөптермен күрес құралдары.<br>7. Қызылшаны сақтау және оны іске асыруға дайындау әдістері.<br>8. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, тыңайтқыштарды дайындау және енгізу, тұқымдарды тазалау, өңдеу, себуге дайындау және егіске күтім жасау саласындағы білімдер. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді |
| | Дағды 2:<br>Қант қызылшасын өсіру, жинау және тасымалдау кезінде қолданылатын құрал-жабдықтарды дайындау | Машықтар: |
| | | 1. Егістік және отырғызу материалын дайындау үшін жұмыс мүкәммалын және көмекші құрылғыларды пайдалану.<br>2. Қажетті құрал-жабдықтар мен көмекші құрылғыларды қолдану.<br>3. Көмекші құралдардың бар-жоғын және жарамдылығын тексеру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Білімдер: | |
| | | 1. Қызылша өсіру кезінде қолданылатын құралдар, жабдықтар және материалдарды пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жылжыту, сақтау және жинаудың негізгі қағидалары.<br>2. Қызылшаны өсіру, жинау және тасымалдау кезінде қолданылатын құрал-жабдықтар мен көмекші материалдардың жұмыс принциптері.<br>3. Құрал-жабдықтар мен көмекші материалдарды өңдеу әдістері. | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Талап етілмейді | |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Командада жұмыс істеу қабілеті<br>Орындаушылық<br>Оқу мүмкіндігі<br>Зейін | | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | 1. «Астық қауіпсіздігі туралы» КО ТР 015/2011 – дәнді және техникалық дақылдарға, соның ішінде қант қызылшасына қолданылады. 2. «Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 021/2011 – қантқа және оның қайта өңделген өнімдеріне қойылатын талаптар. 3. «Азық-түлік өнімдерін таңбалау туралы» КО ТР 022/2011 – қант пен тұқымдарды таңбалау ережелері. 4. «Минералдық тыңайтқыштардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 039/2016 – қант қызылшасын өсіруде тыңайтқыштарды қолдануды реттейді. 5. «Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 041/2017 – өсімдіктерді қорғау құралдарын қамтиды. 6. «Қант қызылшасының тұқымдары. Техникалық шарттар» МемСТ 17421-85 – тұқым сапасына қойылатын талаптар. 7. «Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары. Өнгіштігін анықтау әдістері» МемСТ 12038-84 – қызылша тұқымдарына қолданылады. 8. «Азық-түлік қауіпсіздігі менеджменті жүйелері» ҚР СТ ISO 22000:2019 – қант қызылшасын қайта өңдеуге арналған. 9. «Ақ қант. Техникалық шарттар» МемСТ 31361-2008 – дайын өнім сапасының стандарттары. 10. «Қант қызылшасы. Сынау әдістері» МемСТ 21.101-97 – тамыр дақылдарыныңсапасын бағалау әдістері. | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: | |
| | 5 | Тұқым шаруашылығы бойынша агроном (біліктілігі орташа) | |
| | 5 | Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном (біліктілігі орташа) | |
| | 3 | Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы (аралас дақылдар) | |
| 12. Кәсіптің карточкасы «Тұқым өсіруші»: | | | |
| Топтың коды: | 6113-9 | | |
| Қызмет атауының коды: | 6113-9-002 | | |
| Кәсіптің атауы: | Тұқым өсіруші | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 4 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы<br>19-бөлім. Өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылығындағы жұмысшылар кәсіптерінің жұмыстарының сипаттамалары 67. Тұқым өсіруші. 1-параграф. Тұқым өсіруші. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі:<br>ТжКБ (орта деңгейдегі маман) | Мамандық:<br>- | Біліктілік:<br>- |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | Талап етілмейді | | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Тұқым өсімдіктерін өсіру, күту және жинау жұмыстарын жүргізу. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Топырақты дайындау, тыңайтқыштар енгізу, қант қызылшасының тұқымын отырғызу бойынша жұмыстарды орындау<br>2. Ауыл шаруашылығы дақылдарының аталық бездерін өсіру, күту, жинау және сақтау жұмыстарын орындау |
| | Қосымша еңбек функциялары: | |
| Еңбек функциясы 1:<br>Топырақты дайындау, тыңайтқыштар енгізу, қант қызылшасының тұқымын отырғызу бойынша жұмыстарды орындау | Дағды 1:<br>Топырақты дайындау бойынша жұмыстарды орындау | Машықтар: |
